ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 шілде №7194-24-00-4/2089 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.К.Даутов,
сот отырысының хатшысы Қ.А.Абдикановтың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша әкімшілік істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«AETEC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» мемлекеттік мекемесі

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесі
«TION-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Газтехнология» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 2024 жылғы 21 маусымдағы хабарламаны «AETEC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің конкурстық арызын қайтару бөлігінде заңсыз деп тану
2.2024 жылғы 21 маусымдағы қорытындылар туралы хаттаманы заңсыз деп танып күшін жою
3.2024 жылғы 16 шілдедегі тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы

шартты жарамсыз деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Я.Нуртазанова
аудармашы А.А.Исаханова
талап қоюшының өкілі Б.Е.Меліс
жауапкерлер: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі А.Е.Айбергенова
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілі Д.М.Сегізбаева
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілдері А.М.Егенова, С.К.Баймагамбетов
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» мемлекеттік мекемесінің өкілдері М.М.Аманкулова, Д.О.Тәжібаев
мүдделі тұлғалар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесінің өкілі Н.Баимбетулы
«TION-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Ш.Б.Муфтах

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 5 наурызда мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі-Қазынашылық комитет, ұйымдастырушы) «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Министрлік, тапсырыс беруші) үшін ашық конкурс тәсілімен «Тауарды мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы» №11848218-ОК1 мемлекеттік сатып алу жарияланған (бұдан әрі-Конкурс).

Конкурстың тапсырыс берушісі Министрлік, ұйымдастырушысы – Қазынашылық комитет.

Арыздарды қабылдаудың мерзімі 2024 жылғы 18 наурыздан 2024 жылғы 2 сәуір аралығы деп белгіленген.

Конкурсқа қатысу үшін бірнеше әлеуетті өнім берушілер, оның ішінде «АЕТЕС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (бұдан әрі- «АЕТЕС» ЖШС, талап қоюшы) арыз берілген.

2024 жылғы 25 сәуірдегі №11848218-ОК1 қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес №63034811-ОК1 «Лаг-эхолот» лот бойынша жеңімпаз болып «АЕТЕС» ЖШС, 2-орын алған әлеуетті өнім беруші болып «Sensata

Сот өндірісі
Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024
7194-24-3-1-1/2089

plus» ЖШС айқындалған.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі-Департамент) «ADK Trade» ЖШС, «TION-KZ» ЖШС, «СитиСтрой-2030» ЖШС, «Газтехнология» ЖШС-нен шағым келіп түскен.

Әлеуетті өнім берушілердің шағымдарын қараудың нәтижесінде Департамент 2024 жылғы 21 мамырда № 710000000-4-6-288722 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама (бұдан әрі-Хабарлама) шығарған.

Хабарламаға сәйкес «AETEC» ЖШС-нің конкурстық арызын зерделеу барысында әлеуетті өнім берушімен конкурстық құжаттамаға (бұдан әрі-КҚ) 16-қосымшасы 5-ескертпесінің талаптары сақталмағаны, атап айтқанда, техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетпегені анықталған. Осылайша, конкурстық комиссиямен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі-Қағида) 238-тармағы 2) тармақшасының талаптары бұзыла отырып, «AETEC» ЖШС-нің арызы конкурсқа негізсіз жіберілген және қайтарылуға жатады деп көрсетілген.

Талап қоюшы Департаменттің Хабарламасымен келіспей 2024 жылғы 22 мамырда «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі-Комитет) шағым келтірген.

Комитет талап қоюшыға 2024 жылғы 3 маусымда №-КВ/3935-И санды жауап берген. Жауапта ұйымдастырушы Хабарламамен келіспей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясына қарсылық келтіргенін, сондықтан талап қоюшының арызында көрсетілген уәждері Комитетпен қаралуға жатпайтынын көрсеткен.

Ұйымдастырушы Хабарламамен келіспей 2024 жылғы 28 мамырда апелляциялық комиссияға қарсылық келтірген.

Апелляциялық комиссия қарсылықты қараудың нәтижесі бойынша 2024 жылғы 14 маусымда қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытындыға (бұдан әрі-Қорытынды) келген, онда Департаменттің ұстанымын қолдап, талап қоюшы техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетпегенін, сондықтан Хабарлама заңды екенін, қарсылық қанағаттандыруға жатпайтынын көрсеткен.

Хабарлама мен Қорытындының негізінде 2024 жылғы 21 маусымда қорытындылар туралы хаттама (бұдан әрі-Хаттама) жасалған, №63034811-ОК1 лот бойынша жеңімпаз болып «Газтехнология» ЖШС, 2-орын алған

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024

әлеуетті өнім беруші болып «TION-KZ» ЖШС айқындалған, «АЕТЕС» ЖШС-нің конкурстық арызы қайтарылған.

Жеңімпаз болып айқындалған «Газтехнология» ЖШС тапсырыс берушімен жіберілген тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймаған.

2024 жылғы 16 шілдеде тапсырыс беруші мен 2-орын алған әлеуетті өнім беруші «TION-KZ» ЖШС -ның арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі-Шарт).

«АЕТЕС» ЖШС талап қоюын нақтылап, соттан Департаменттің 2024 жылғы 21 маусымдағы Хабарламасын «АЕТЕС» ЖШС-ның конкурстық арызын қайтару бөлігінде заңсыз деп тануды, 2024 жылғы 21 маусымдағы қорытындылар туралы хаттаманы заңсыз деп танып күшін жоюды, 2024 жылғы 16 шілдедегі шартты жарамсыз деп тануды сұраған. Талабының негізі ретінде конкурстық құжаттамаға 12-қосымшада сатып алынатын тауарлардың ерекшелігінде тауардың өлшем бірлігі дана деп көрсетілгенін, демек конкурстың нысанасы жиынтықта тауарды сатып алу болып табылмайтынын, сондықтан Департаменттің дауланып отырған Хабарламада көрсеткен талап қоюшы техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетпеген, осыған байланысты конкурстық арызы қайтарылуға жатады деген тұжырымы негізсіз екенін көрсеткен.

Жауапкерлер Департамент, Комитет, Министрлік, мүдделі тұлғалар «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Қаржы министрлігі), «TION-KZ» ЖШС сотқа жолдаған пікірлерінде әкімшілік талап қоюды мойындамай, талап қоюшының конкурстық арызы Қағиданың 238-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес дұрыс қайтарылғанын, себебі, талап қоюшы техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетпегенін, осыған байланысты Хабарлама, Хаттама заңды екенін, сондықтан шартты жарамсыз деп тануға негіз жоқ екенін көрсетіп, соттан талап қою арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Жауапкер Қазынашылық комитет жазбаша пікірінде Хабарламамен келіспей апелляциялық комиссияға қарсылық келтіргенін, комиссиямен қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытынды қабылданғанын, сондықтан Хабарламаны орындауға міндетті болғандарын көрсетіп, соттан талап қою арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі қойылған талаптарын қолдап, соттан талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерлер Департамент, Комитет, Министрліктің өкілдері сот отырысында әкімшілік талап қоюды мойындамай, талап қоюшының уәждерімен келіспейтінін айтып, қарсы пікірде көрсетілген негіздерде талап

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024

қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Жауапкер Қазынашылық комитеттің өкілдері конкурстың нысанасы жиынтықта тауарды сатып алу болып табылмайтынын, сондықтан Хабарламамен келіспейтіндерін, заңның талаптарына сәйкес Хабарламаны орындауға міндетті екендерін, осыған байланысты жаңа хаттама шығарылғанын, қойылған талаптар бойынша шешім қабылдауды соттың қарауына қалдыратындарын айтты.

Мүдделі тұлға «TION-KZ» ЖШС-ның өкілі жауапкерлердің ұстанымын қолдап, талап қою арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысының өткізілетін орны мен уақыты тиісті түрде хабарланған мүдделі тұлға «Газтехнология» ЖШС сот отырысына қатысқан жоқ, өкілінің қатысуын қамтамасыз еткен жоқ, дәлелді себептерін сотқа хабарламады, сот істі аталған мүдделі тұлғаның қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

№№1,2,3 талаптар бойынша сот келесідей тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 5-бабының 2-бөлігіне сәйкес әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының (бұдан әрі-Заң) 21-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттамада осы Заңның 9-бабында белгіленген біліктілік талаптарынан басқа, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, техникалық өзіндік ерекшелік қамтылуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелікте өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылуға тиіс.

Заңның 24-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында конкурстық баға ұсынысы, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылуға тиіс құжаттар

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024

мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатыны көрсетілген.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 6-қосымшасы 18-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 13, 14, және 15-қосымшаларға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 16-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Конкурстық құжаттамаға 16-қосымшасының 5-ескертпесінде егер конкурстың нысанасы жиынтықта тауарды сатып алу болып табылған жағдайда, әлеуетті өнім беруші техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетуге тиіс екені көзделген.

Сотпен анықталғандай, конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға, яғни, сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігіне қарағанда сатып алудың нысаны болып «Лаг-эхолот» тауары көрсетілген.

Эхолот ол -су астында іздеу жұмыстарын жүргізуге арналған тереңдік сканері болып табылады.

Сотпен зерделенген дәлелдемелерден конкурстың насанасы болған тауардың эхолот пен оператордың мобильді жұмыс орнынан (ноутбук), эхолотпен басқаруға арналған программалық қамтамасыз ету, сымсыз басқару джойстигінен, гидролокатордан, резервтік батареядан тұратыны анықталды.

Техникалық ерекшелікте сатып алынатын тауарлардың қажетті функционалдық, техникалық, сапалық, өнімділігі мен басқа да сипаттамалары сипатталып көрсетілген.

Сот сымсыз басқару джойстигі, гидролокатор және резервтік батареяның жеке дара заттар екенін, оларды бөлек сатып алуға болатынын ескеріп, конкурстың нысанасы жиынтықта тауарды сатып алу болып табылады деп санайды.

Техникалық ерекшеліктің 1-ескертпесінде функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану, өзге де сипаттамалар, ілеспе қызметтер

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024

және орындаушыға қосымша шарттар бойынша әрбір талап жеке жолда көрсетілуге жататыны белгіленген.

Істің мұндай тұрғысында талап қоюшы техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетуге тиіс болған.

Алайда, істің құжаттарынан анықталғандай, талап қоюшы конкурстық құжаттамаға 16-қосымшасында тек қана эхолот пен ноутбуктің модельін ғана көрсетіп, басқа әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты, яғни, эхолотпен басқаруға арналған программалық қамтамасыз ету, сымсыз басқару джойстигі, гидролокатор, резервтік батарея туралы деректерді жеке-жеке бөлек көрсетпеген.

№648 Қағиданың 238-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы әлеуетті өнім берушіні (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жібермеуге негіз болып табылады.

Сотпен анықталғандай, «АЕТЕС» ЖШС-гі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынған, сондықтан сот Департаменттің дауланып отырған Хабарламасын заңды деп табады.

Өйткені, Хабарламаға сәйкес «АЕТЕС» ЖШС-нің конкурстық құжаттамаға 16-қосымшасы 5-ескертпесінің талаптарын сақтамағаны, атап айтқанда, техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетпегені анықталған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде сот талап қоюшының техникалық ерекшелікте сатып алынатын тауардың өлшем бірлігі дана деп көрсетілген, сондықтан конкурстың нысанасы жиынтықта тауарды сатып алу болып табылмайды деген уәждерін негізсіз деп есептейді, себебі сатып алынатын тауар жиынтықтағы тауарға жатады.

Сонымен қатар, сот талап қоюшының сотқа ұсынған құжаты Лаг-эхолоттың сөзсіз түрде жиынтықтағы тауар болып табылмайтынының дәлелі бола алмайды деп санайды, өйткені ұсынған құжаты талап қоюшының конкурстық арызында көрсеткен тауарды сипаттайтын нақты құжат емес, ол жәй ғана өнімнің каталогы (каталог продукции).

Көрсетілгендердің негізінде, сот Департаменттің конкурстық комиссиямен Қағиданың 238-тармағы 2) тармақшасының талаптары бұзыла отырып «АЕТЕС» ЖШС-нің арызы конкурсқа негізсіз жіберілген, сондықтан арызы қайтарылуға жатады деген тұжырымын заңды деп санайды.

Сондықтан сот Департаменттің дауланып отырған Хабарламасы Заңның талаптарына сәйкес келеді Заң нормалары сақтала отырып жасалған деген тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024

қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының» (бұдан әрі-598 Қағида) 27-тармағында хабарламада, оның ішінде осы Қағидалардың 26-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жіберілген хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит объектісі веб-портал арқылы Заңның 11-1-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарға қарсылықты уәкілетті органның жанындағы Апелляциялық комиссияға (бұдан әрі – Апелляция комиссиясы) беретіні көзделген.

№598 Қағиданың 29-тармағында хабарламаны орындау мерзімі қарсылықты қарау кезеңіне тоқтатыла тұратыны белгіленген.

Аталған Қағиданың 30-тармағына сәйкес қарсылықтарды қарау нәтижелері бойынша Апелляциялық комиссиямен мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) мемлекеттік аудит объектісі шағымданатын барлық мәселелер қанағаттандырылған жағдайда – қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) мемлекеттік аудит объектісі дауланатын мәселелерді ішінара қанағаттандырған жағдайда – қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) мемлекеттік аудит объектісі даулап отырған барлық мәселелер Заңның 58-5-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қанағаттандырылмаған жағдайларда – осындай шешім қабылдауды негіздей отырып, қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қарсылықты қарау нәтижелері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарсылықты қарау нәтижелері бойынша қорытындымен (бұдан әрі – қорытынды) ресімделеді.

Қорытынды автоматты түрде тіркеледі және мемлекеттік аудит объектісіне веб-портал арқылы жіберіледі.

Істің құжаттарынан анықталғандай, ұйымдастырушы Хабарламамен келіспей 2024 жылғы 28 мамырда апелляциялық комиссияға қарсылық келтірген.

Апелляциялық комиссия қарсылықты қараудың нәтижесі бойынша 2024 жылғы 14 маусымда қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы қорытынды шығарған, онда Департаменттің ұстанымын қолдап, талап қоюшы техникалық ерекшелікте әрбір жинақтаушы тауар туралы ақпаратты жеке-жеке көрсетпегенін, сондықтан Хабарлама заңды екенін көрсеткен.

Хабарламаның негізінде 2024 жылғы 21 маусымда қорытындылар туралы хаттама жасалған, №63034811-ОК1 лот бойынша жеңімпаз болып «Газтехнология» ЖШС, 2-орын алған әлеуетті өнім беруші болып «TION-

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024

KZ» ЖШС айқындалған, «АЕТЕС» ЖШС-нің конкурстық арызы қайтарылған.

Жеңімпаз болып айқындалған «Газтехнология» ЖШС тапсырыс берушімен жіберілген шартқа қол қоймаған. Осыған байланысты, 2024 жылғы 16 шілдеде тапсырыс беруші мен «TION-KZ» ЖШС -ның арасында Шарт жасалған.

Осылайша сот, дауланып отырған Хаттама Заңның талаптарына сәйкес, жауапкердің өкілеттіктері шегінде жасалған, ал талап қоюшының заңмен қорғалатын құқықтары мен бостандықтары бұзылмаған деп санайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 2-тармағында егер талап қоюшы конкурс қорытындыларын заңсыз деп тану туралы талаппен қатар мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты жарамсыз деп осы негізбен тануды талап етсе, онда мұндай талап қоюлар ӘРПК-нің 84-бабы үшінші бөлігінің, 155-бабы үшінші бөлігінің, 156-бабы екінші бөлігінің талаптарын ескере отырып, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотта бірлесіп қарауға жататыны түсіндірілген.

Мұндай жағдайда қойылған талаптың шартты жарамсыз деп тану бөлігінде талап қоюшыдан дауды сотқа дейін реттеудің шартта көзделген тәртібін сақтау талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 157-бабының 3-тармағына сәйкес мүдделі тұлғалар, тиісті мемлекеттік орган не прокурор мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюы мүмкін.

Көрсетілген мәмілені жасау нәтижесінде құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған немесе бұзылуы мүмкін тұлға мүдделі тұлға болып табылады.

Мәмілені жарамсыз деп тануға талап қою құқығы бар тұлғалардың тізбесі осы Кодексте және (немесе) өзге де заңнамалық актілерде белгіленеді.

Сот дауланып отырған Хабарлама мен Хаттаманы заңды әрі негізді деп тапқан, сондықтан бұл жағдайда ӘРПК-нің 84-бабы 3- бөлігінің, 155-бабы 3-бөлігінің талаптарын қолдануға негіз жоқ, яғни дауланып отырған Шартты жарамсыз деп тануға заңдық салдар жоқ.

ӘРПК-нің 155-бабының 4-бөлігінің талаптарына сәйкес, сот, егер талап қоюды қарау кезінде даулы әрекет (әрекетсіздік) жасалғанын, шешім құзыретіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданғанын анықтаса, оны қанағаттандырудан бас тартады.

Сондықтан, талап қоюшының Хабарламаны, Хаттаманы заңсыз деп танып күшін жою, Шартты жарамсыз деп тану туралы талабы толық көлемде қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024

ҚАРАР БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 151,152 -баптарын басшылыққа алып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «АЕТЕС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекетік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне, «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі» мемлекеттік мекемесіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 2024 жылғы 21 маусымдағы №710000000-4-6-288722 хабарламаны «АЕТЕС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің конкурстық арызын қайтару бөлігінде заңсыз деп тану, 2024 жылғы 21 маусымдағы қорытындылар туралы хаттаманы заңсыз деп танып күшін жою, 2024 жылғы 16 шілдедегі тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты жарамсыз деп тану туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы Астана қаласының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.Даутов

Документ подписан: Даутов Б. К., 09.08.2024